

Қызылорда облысы  
Жаңақорған ауданы  
№209 Ә.Әбутәліпов атындағы орта мектеп

Бағыты: Табиғат және экология

Тақырыбы: Алманың отаны-Қазақстан

Орындаушы: Әбунасыр қызы Несібелі



2013 ЖЫЛ



# Түйіндеме

Аты-жөні, тегі:

Несібелі  
Әбунасырқызы



Мектебі:

№209 Ә.  
Әбутәліпов  
атындағы орта  
мектеп

Туылған күні,  
айы, жылы:

02.04.2004 жыл

Сыныбы:

3 "а"

Сүйіп оқитын  
пәндері:

Математика  
Қазақ тілі



# Мазмұны

*I. Кіріспе*

*Түрлі-түрлі алмалар*

*II. Негізгі бөлім*

*A) Алма пайдалы ма, зиян ба?*

*Ә) Алматының-апорты*

*Б) Алманың отаны қай ел?*

*(Алматының апорты)*

*III. Қорытынды*

*IV. Ұсыныстар*

*V. Жеткеші аннотациясы*

*VI. Пайдаланған әдебиеттер*





# үрлі – түрлі

## алмалар

Алма (лат. *malus*) — раушан гүлділер тұқымдасына жататын, өте кең тараған жеміс ағашы.

Табиғи алманың жер шарында 36 түрі белгілі, олардың 10—12-сінің шаруашылықтық маңызы бар. Қазақстанда, негізінен, Сиверс алмасы, Недзвецкий, қырғыз алмасы өседі. Алманың жаздық, күздік, қыстық сорттары бар. Алма ағашының өмір сүру ұзақтығы 20—100 жыл, биіктігі 3—10 м болады. 3—12 жылда жеміс береді, әр гектардан шамамен 100—300 ц өнім алынады. Тұқымынан және өсімді жолмен көбейеді. Тұқымынан көбейту бұлама алуда және селекцияда қолданылады.

Алманы көбейту кейде ұластыру арқылы да жүргізіледі. Қазақстанда алманың 40-тан астам сорттары аудандастырылған, оның 20-сын (Салтанат, Іле, Алатау шапағы, Алматы т.б.) қазақ селекционерлері өсіріп шығарған. Алма жемісі тасымалдауға, сақтауға жарамды, тағамдық заттарға бай, дәмді келеді, әрі жақсы өңделеді. Алма құрамында 83—88 % су, 7,5—16 % қант, 0,2—0,8 % қышқыл, 9,5—18,5 % құрғақ қалдық, 0,28—1,0 % илік заттар, А, В<sub>1</sub>, В<sub>2</sub>, В<sub>6</sub>, С, РР дәрумендері, көптеген минералды заттар бар. Шырынынан шарап, сусын дайындалады, жемісін емдік дәрі ретінде де, адам ағзасын ауыр металл заттардан тазалауға, қан бұзылу және жүрек ауруларын емдеуге қолданады.

Алманың зиян кестері: алма жегіші, алма биті, шие бізтұмсығы, гүл жегіш. Алма аурулары: алма қотыры, ақ ұнтақ, жеміс шірігі.



# Кинга



Жемісінің салмағы (115 г). Түсі жасыл—сарғыш, сақталған сайын сары түске айналады. Еті тығыз, шырды, дәмі тәтті.



# Шілделік Черненко



Жас ағаш жемісінен салмағы (80– 100 г.) алма алынады. Дәмі қышқыл – тәтті, бұл жазғы сұрып.

Тамыз айының ортасында жеміс береді



# Мелба



Шырынды оңтүстік  
алмасы, дәмі  
қышқыл – тәтті  
дәмді, хош иісі бар.  
Жемісі тамыз  
айының ортасында  
піседі.



# Россошан алмасы



Жемісі орташа және ортадан жоғары мөлшер. Етті, түсі ашық – жасыл, шырынды, қышқыл емес тәтті дәмі бар.





# Ерте пісетін қызыл алма



Жемісі орташа  
(70—90 г), нәзік  
шырынды,  
қышқыл – тәтті.



# Жазғы алтын



Жемісі орташа жемісі  
(100—115 г.) Дәмі  
қышқыл-тәтті,  
тағамдық заттарға  
бай, әрі жақсы  
өңделеді.



# Күздік шаттық



Жемісі ірі (100-110 г),  
дәмі қышқыл – тәтті,  
хош иісті, сұрғылт  
түсті. Тасымалдауға,  
сақтауға жарамды.



# Жас натуралист



Жемісі ірі (110 – 120 г), Түсі жасыл- сары, құрамында минералды заттары бар, шырынды, дәмі қышқыл -кермек.



# Мичурин естелігі



Жемісі ірі (100 – 110 г). Түсі ашық қызыл, шырынды, қышқыл дәмді сақтауға жарамды, тағамдық заттарға бай. Қысқы сұрып.



# Мичуриндік бессемянка



Жемісі ірі (120-130 г),  
түсі сарғыш - жасыл,  
нәзік шырынды, дәмі  
қышқыл тәтті, хош  
иісі бар.



# Сұрғылт Анис



Жемісі шырынға  
бай, қышқыл  
дәмді,  
2 айға сақталады.



# Бағайлық Мальт



Фарфор түсті,  
орташа,  
шырыны көп,  
қышқыл -тәтті,  
дәмі кермек.





# АНТОНОВКА



Дәмі  
қышқыл, хош  
иісті, 3-4 айға  
дейін  
сақталады.





# Қазақстан жерінде өсетін алманы түрлері



**Недзвецки  
Й**

**алм**



**Қырғы  
З**



**Серви  
с**

**алмас**



# Алма күні аталып өтеді



Ең алғашқы алма күні 1990 жылы 21 қазанда Англияда аталып өтті. Міне 23 жыл бойына осы күні барлығына демалыс беріліп, осы күн аталып өтіліп келе жатыр. Бұл күні сіз алманың 100 ден астам түрінің дәмін татып көре аласыз.





# Алма пайдалы ма, зиян ба?




- Тым карапайым сұрақ. Сіздердің бірауыздан алманың пайдалы екендігін айтатындықтарыңызға сенімдіміз. Алайда, диетолог мамандар алманың зиянды тұстарының бар екендігін естен шығармауға кеңес береді.
- **Алманың құрамында С, В1, В2, Р, Е** дәрумендері мен марганец, калий, кальций, фосфор, натрий, молибден, цинк, барий микроэлементтері бар. Алмадағы темір **қан айналымы жүйесіне** өте қажет. Сондай-ақ онда **жасұнықтың** өте көп бөлігі бар. Алма бауыр, бүйрек, асқазан, ішек жолдарының жұмыстарын жақсартады. Бет терісінің түсін жақсартып жас әрі күтімді етіп көрсетеді. Холестерин мөлшерін азайтып, іш қатудың алдын алады, диареяны емдеп, иммундық жүйені нығайтады.





Алдыңыздағы тізімді көріп, ешқандай жаман қырын байқамағаныңызды айтарсыз. Асықпаңыз, **диетологтар** алманың құрамындағы жасұнықтың көп болуы **колит** (тоқішектің талаурап, қабынып ауруы) ауруының пайда болуына әкеліп соқтыруы және асқазан-ішек жолдарының жұмысына зиянын тигізуі әбден мүмкін екендігін айтады. **Екіншіден**, құрамындағы жеміс қышқылының шамадан тыс көптігі язваны ұлғайтып жіберу қаупі бар. **Үшіншіден**, алманың қышқылы тістің эмалына қатты әсер етеді, яғни оны жұқартып, тісті сезімтал етіп шығарады. **Алма жапырағынан демделген шайды** көп ішпегеніңіз абзал, мұның қант диабеті ауруына шалдықтыратындығы дәлелденген.



# Алма берсем жеймісің?





# Алманың отаны қай ел?



*Жер шарында бұл алмалардың 36 түрі белгілі. Алайда тек 10-нан астамының ғана шаруашылық маңызы бар. Негізінен, алманың*



*Отаны — Орталық Азия. Уақыт өте келе алманың түр-түрі осы жерден Египетке және Палестинаға жеткізіле бастаған. Біраз, яғни кейінірек Ежелгі Грекия жерінде, Римде, Еуропада да алма пайда бола бастаған екен. Қазақстанда алманың «сиверс», «недзвецкий», «қырғыз алмасы» өседі. Алманың өмір сүру ұзақтығы 20-100 жыл аралығында болса, алма ағашының биіктігі — 3 — 10м. 3-12 жыл ішінде жеміс бере бастайды.*





- Еліміздің ең ірі мегаполисі – Алматы қаласының атауы алма жемісімен байланысты. Сондықтан, алма – Алматы шаһарының символына айналды. Ал алманың төресі – апорт. Бүгінде Алматы мен апортты егіз ұғым ретінде қабылдау қалыптасты. Осы мақсатпен, Алматы және апорттың жайын бір-бірінен бөле жармай, бірге қарастыруды ұйғардым.





- *Былтыр, Оксфорд университетінің ғалымдары жеміс атасы – алманың шыққан аймағын таптық деп, жаһанға жар салды. Дүниежүзіне білім-ғылымының өзгелерден оқ бойы озықтығымен аты мәшһүр оқу ордасының биолог-ғалымы Б.Джунипердің хабарлауынша, жемістің түпкі отаны Тянь-Шань тауларындағы жабайы бақтар екен. Сонау ықылым замандарда осы өңірде өскен жеміс, түрлі жолдармен дүниенің төрт тарабына тарайды. Алманың өзге құрлық, мемлекеттерге жеткізілуіне байланысты бұл ойды ғалымдар былайша тұжырады: «Титімдей дәннен өсіп-өнген – алма Парсы шығанағы арқылы романдарға, роман әскерлерінің көмегімен Кәрі құрлыққа тараған». Демек, алманың тұқымы жайылып, жас шыбықтан мәуелі ағашқа айналған жері – Алматы. Алғашқы алма Алматы қаласының маңында пайда болса, Кеңес өкіметі шекпенінде жүрген елдердің егемендік алуына бастамашылық танытқан да осы қала. Демек, ежелде «Алмату», «Алмалық» атанған Алматы шаһары жемістің жай ғана көгеріп, көктеген жері емес, ол тастақ топырақты тесіп шыққан нәзік гүл – Тәуелсіздіктің тұқымы түскен, егемендіктің алтын бесігі болған аймақ. Алма ағашы күн шуағына бөленіп, жаз мезгілінде топырақта өсіп-өркендесе, кеңестік жүйені күйретуге себепкер болған 1986 жылғы азаттықтың алғашқы қадамы қақаған қыс, желтоқсан айында бостан атануға талпынған қазақ ұлтының дархан көңілінде, текті қаны тулаған асау жүрегінің түкпірінде бүршік жарды.*



# Алматының апорты




Өткен ғасырдың 1950-51 және

Алма жайлы сөз қозғағанда Алматының апорты жайлы сөз қозғамау  
сондықтан Алматының апорты жайлы сөз қозғамаққа бел

от Америкада емес, Алматыда өседі. Яғни, жеміс қазақ топырағына тән.  
, алманың бұл сұрыпын базар мен дүкен сөрелерінен табу  
тын болды. Кейінгі кездері апорттың жоғалып кетуінің 14 себебін  
шіден, апорттың мүшкіл күйге түсуіне – оны жүйесіз көбейту себеп  
ға арналған қалемшелер кез-келген ағаштардан алынды. Негізі  
пер жемісі сапалы, дәмі мен иісі сұрыпқа тән, өнімі көп арнайы  
дан алынуы керек еді. Бірақ осы жағдайды кезінде ешкім ескермеді.

1968-69 жылдарда қыстың суық болуынан кейін жағдай тіпті де шиеленісті. Қатты аязда, бірнеше жыл қатарынан сұрыпталып іріктелген апорттың нағыз ана ағаштары үсіп кетті, не зақымданды. Ал алмасының сапасы нашар, өнімділігі төмен ағаштар аман қалды. Осы ағаштан қалемшелер дайындалды. Сөйтіп, апорттың келесі ұрпағының тағдыры әлжуаз алма ағаштарына тәуелді болды. Екіншіден, апортқа телітуші ретінде тек жергілікті жабайы алма ғана сәйкес келеді. Өкінішке орай, бұл қаперге алынбады. Тұқым даярлау ісі өз дәрежесінде жүргізілмеді. Оның сапасы да назарға алынбады. Сондықтан телітушілер өсіп-өнбеді. Тіпті, 1970 жылдары телітуші қызметіне қытайдың және сибірдің жемісі уақ алма ағаштары қолданылды. Әрине, олар көлемі баланың басындай апортқа еш сәйкес келмейді. Тіпті, бір-бірін бөтенсиді. Осы жайттердің барлығы апорттың азуына ықпал етті.

# Алматыдағы “үлкен алма”



GdcrAlmaty

2014/10/10



*Алманың отаны атану үшін талай елдер өзара тартысқа түсуде. Алайда алманың нағыз түпкі шыққан жері – Қазақстан екені сөзсіз. Сондықтан да “Алманың отаны-Қазақстан” деген сөзді тайсалмай айту үшін біздің ғалымдарымыз көп еңбек сіңірді.*

*Алайда мен осы зерттеу жұмысын жүргізу барысында көп жағдайларды түсіндім. Біздің еліміздегі алмалардың өте сирек көздесетін түрлері жойылып бара жытыр екен. Ал, біз оған қол қусырып қарап отырмауға тиіспіз. Бізде осы алма тұқымдарын көбейтіп, “алманың отаны” атағын дәлелдеуіміз керек. Болашақта еліміз бұл жойылып бара жатқан түрлерді көбейтіп, “алманың отаны” титулын дәлелдеп шығарына сенімдімін.*





# Ұсыныстар

1. Мектеп оқушыларынан топ құралып, алманың жоғалып бара жатқан түрлерін көбейту мақсатында алма түптерін отырғызу барысында жұмыстар жүргізілсе;
2. Мектеп оқулықтарында алманы атасы-апорт жайында мағұлматтар кеңінен берілсе;
3. “Алматы – алма қаласы” атты сурет көрмелері өткізілсе;



# Жетекші

3 “а” сыныбының оқушысы Әбунасырқызы Несібелі “Алманың отаны-Қазақстан” атты зерттеу жұмысын өте жоғары дәрежеде қорғаған. Өзінің жас дәрежесіне қарамастан алма жайлы толық мәлімет бере отырып, өзінің ізденімпаздылығын көрсете білді.

Мен Әбунасырқызы Несібеліден болашақта үлкен үміт күтемін.

№209 Ә.Әбутәліпов атындағы

орта мектептің 3 “а” сынып жетекшісі:

Шалабаева Бейсенкүл.



# Пайдаланылған әдебиеттер

1. ↑ Жетісу. Энциклопедия. - [Алматы](#): «Арыс» баспасы, [2004](#). — 712 бет.  
[ISBN 9965-17-134-3](#)
2. ↑ Қазақ энциклопедиясы
3. ↑ Шаңырақ : Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы : Қаз.Сов.энцикл.  
Бас ред., 1990 [ISBN 5-89800-008-9](#)



**Назарларыңызға  
рақмет!**

